

## **Әкелінетін шетел валютасына төленетін кеден төлемдерінің ставкалары туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 16 тамыз N 1164.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.05.23. N 693 қаулысымен. ~P010693

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына Z952368\_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Әкелінетін шетел валютасының бастапқы құнының 1 проценті мөлшерінде оған қатысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бекітілетін заңды тұлғалардың қолма-қол шетел валютасын әкелуіне (ТМД СЭҚ ТН бойынша коды 4907 00 300, айналыстағы - 7118 90 000-ден) кеден бажының ставкасы белгіленсін.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген, әкелінетін валюталарды кедендік рәсімдегені үшін оның бастапқы құнының 0 проценті мөлшерінде кеден алымының ставкасы белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген тәртіппен осы қаулының атқарылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (келісім бойынша) бірлесе отырып екі апта мерзімде:

жеке тұлғалар әкелетін;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы белгіленбейтін қолма-қол шетел валютасына қатысты кеден бажы мен кедендік рәсімдегені үшін кеден алымын алу жөнінде ұсыныс енгізсін.

5. Осы қаулы 1999 жылғы 3 тамыздан бастап күшіне енетін осы қаулының 2-тармағын қоспағанда, ресми жарияланғаннан кейін отыз күн өткен соң күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М  
Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК